



Каракулов Е.И.

**ҚАЗАҚСТАН - ӘЛЕМДІК САЯСИ
САХНАДАҒЫ КӨШБАСШЫ
МЕМЛЕКЕТ**

*В данной статье рассматривается
внешняя политика и роль Республики
Казахстан, а также достижения и
перспективы в мировой политике.*

*This article is about foreign affairs and role
Republic of Kazakhstan as well as the
achievements and prospects in the world
policy.*

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты белсенділігімен, тепе-теңдік сақтауға ұмтылысымен, прагматизмдігімен, сындарлы сұхбат жүргізуге талпынысымен және көпжақты ынтымақтастыққа бағытталғандығымен ерекшеленеді. Халықаралық аренада мемлекетіміз өзінің тарихи, геосаясаттық және экономикалық факторларына байланысты көп ғасырлар бойы сыртқы саясатын халықаралық ынтымақтастық, көршілес мемлекеттермен татуластық және олардың аймақтық біртұтастығын құрметтеу принципіне негіздеп жүргізіп келеді. Қазақстанның өзге мемлекеттермен тең құқылы және екі жаққа да тиімді қарым-қатынас құруға дайындығы оның бүгінгі күні дипломатиялық байланыс орнатқан шет мемлекеттердің санының көптігімен дәлелденіп отыр. 1991 жылы тәуелсіздік алған сәттен бастап біздің республика әлемнің 130 мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Сонымен қатар саясатты дұрыс жүзеге асыру мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуындағы негізгі көрсеткіш екендігі белгілі. Әрбір мемлекетті басқарушы саясаткер басты құндылық ретінде мемлекетінің тәуел-сіздігі мен тыныштығын, ұлттық қауіпсіздігін бірінші кезекке қояды. Дүние-жүзілік қауымдастықтарда мемлекеттерді басқарушы азаматтардың саясатының негізсіз екендігіне дәлел болатын көптеген белгілерді атап көрсетуге болады. Оның негізгі белгілерінің бірі болып мемлекетішілік ұлтаралық қатынастар, мемлекетаралық дау-жанжалдар болып табылатындығына күмән жоқ. Мемлекеттердегі ұлттардың арасындағы қатынас-тардың тұрақсыздығы қоғамның дағдарыстық жағдайына әкеп соғады. Сондықтан қақтығыстар мен соғыстардың алдын алып бейбітшілікті қалыптастыру елді басқарушы тұлғаның басты міндеті болып саналады. Осындай жағдаяттардың орын алмауына үлгі ретінде әлемдік өркениетті елдер мен азулы саясаткерлер қазақстандық модельді игеруге мойын бұрды.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде өзінің ішкі және сыртқы саясаты мен бағыттарын ұлттық мемлекеттік деңгейде сауатты жүргізіп келеді. Әлемдік қауымдастыққа еліміз дербес субъект ретінде араласуына мүмкіндіктер туды. Оның негіздеріне 1991 жылы ТМД құрылуы, 1992 жылы – ҚР-н БҰҰ-на мүшелікке құқылы болуы, Лиссабон хаттамасына қол қоюы, ядролық қаруды таратпау туралы шартқа енуі, егемендік қауіпсіздігін және шекараларының мызғымастығын баянды етуі дәлел болып отыр. Бұған НАТО-ның «Бейбітшілік мүддесіндегі серіктестік» бағдарламасына, АҚШ-пен «Демократиялық серіктестік туралы хартияға» [1.17] қол қоюы, АҚШ, Ресей,



Ұлыбритания, Франция, Қытай мемлекеттері секілді ядролық державалардың Қазақстанға берген қауіпсіздік кепілдіктері негіз болды.

Осы құжаттардың негізінде еліміз ғаламдық қатынастық жүйеге енді. Тәуеліздікке ие болғаннан кейін мемлекетіміз ТМД құруға алға бастар бірден бір мемлекет болып есептелінеді. ТМД өз кезегінде КСРО тарқағаннан кейін посткеңестік елдердің ұлттық мүдделерін біріктіруші, достық қарым-қатынастарды одан әрі дамыту нәтижесінде өмірге келді. Сол сәтте КСРО құрамынан шыққан жас мемлекеттер алдында тұрған көптеген қиыншылықтарды бастан өткеріп, даңғыл даму жолына түскендігіне тарих өз бағасын берді. Әлі де болса осы мемлекеттердің ішінде әлемдік саясаттың негізгі ережелеріне бағынбай, көршілес елдерінің мазасын алатындары да кездесіп жатқандығы белгілі. Сол елдердегі қауіп-қатерлердің, шиеленістердің ушығып кетуіне сол мемлекеттердің халықаралық дәрежедегі өзіндік позицияларының дұрыс орын алмауына байланысты екендігі белгілі.

Ресей ғалымдары А. Анцупов пен А. Шипилов өздерінің еңбектерінде: «XX ғасырдағы шиеленістер адам өлімінің ең негізгі себебіне айналып отыр, ал XXI ғасыр адамзат алдында екі түрлі көзқарастарды алға тартады; біріншісі – конфликтология ғасыры, ал екіншісі – өркениет тарихындағы соңғы ғасыр болуы мүмкін» деген тұжырым жасайды [2]. Сондықтан әлемдік қауымдастықтар мен Қазақстан мемлекеті интеграцияға бет бұрып, елді дүрліктіріп құлдырауға ұшырататын мәселелерді жойып, қауіпсіздік шараларының алғышарттарының негізін қалады. Американ ғалымы З. Бзежинский өз кезегінде мынадай тұжырым жасаған болатын: – «ТМД тарқасымен Орта Азия екінші Балканға айналып, Қазақстанның шығысы, солтүстігі мен батысы ұлтаралық қақтығыстар аренасына айналуы әбден мүмкін». Еліміздің сыртқы саясатының нығаюы мемлекетіміздің басқа көршілес елдерге атқарылып жатқан істері туралы ақпараттарды жоғары дәрежеде жеткізумен байланысты болатыны белгілі. Ішкі саясатта ұлттар арасындағы ынтымақтастық пен татулықты бірінші кезекке қоятын Елбасы Н. Назарбаевтың салиқалы саясатының негізгі көрсеткіштері мен жемісін атап өтуіміз қажет. Елбасының жетекшілігімен елімізде Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін үш мәрте өткізілді, Қазақстан халқы Ассамблеясының 15 жылдығы жоғары дәрежеде ұйымдастырылды. Бұл атқарылып жатқан іс-шаралар БАҚ арқылы беріліп, бүкіл әлемді қызықтырып үлгі болып отырғандығы белгілі. Қазақстан 20 жыл ішінде ешқандай шиеленістер мен дағдарыстарға жол бермей, өзіндік даму жолы мен стратегияларын жасап, әлемдік сахнада дипломатиялық бағытты өзіне міндет етіп алды. Егерде қазіргі таңда ТМД елдері саяси, экономикалық, қауіпсіздік салаларында нақты қабылданған құжаттарды іске асыратын болса, Еуразия құрлығындағы Еуропаның дамыған мемлекеттері одақтасып құрған ұйымдарына тең дәрежедегі келетін жетекші ұйымға айналатынына мүмкіндіктер бар.

Қазақстанның ерекшелігі өзінің қайталанбас геосаяси, дипломатиялық, тарихи, мәдени, полиэтникалық, экономикалық, экологиялық құрылымының жоғары сатыда болуында. Бұл ерекшеліктерді өзге елдердің бағыттарымен бірдей деп атауға болмайды. Бірақ, атап өтетін нәрсе, елімізде Кеңес дәуірінде, көптеген ТМД елдеріндегідей, әкімшіл-әміршіл басқару жүйесі қалыптасқан еді. Қазақстанда экологиялық дисбаланс орнаған болатын және инфрақұрылымдар артта қалып, нарықтық қатынастар дамымады. Ал, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықта өзінің тиісті орнын табу үшін қадамдар жасап, нәтижелі көрсеткіштерге ұмтылып қол жеткізуде. Еліміз ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздікті сақтай келе, сыртқы саясатымызды да нықтап алды.

Саясаттанушы - Р.М. Қалиева Қазақстанның сыртқы саясатына байланысты ұлттық сипатын төмендегідей екі позицияда анықтайды:

Біріншіден, ғасырлар бойғы тарихи, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамудың нәтижесінде тек Қазақстан аумағына тән келетін ерекше – ұлттық белгілерге: *«табиғи ресурстардың» молдығымен байланысты экономикалық тиімді жағдай; Еуропа мен Азия құрлықтарын байланыстырушы көпір сияқты болған Қазақстанның географиялық орналасуының тиімділігі; көпұлтты демографиялық жағдайы; халықаралық тарихи объектілердің болуы (Ұлы Жібек жолы, Байқоңыр космодромы және т.б.); Еуропалық және Азиялық мәдениеттің сұхбаты.*

Екіншіден, халықаралық деңгейде Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік мүддесін білдіре бастауы:

Қазақстанның саяси-экономикалық беделінің өсуі; әрбір этникалық қауымдастықтың өз келбетін сақтауға жағдайлардың жасалынуы; шетелдік капиталдың, инвестицияның республика экономикасына тартылуы; мемлекеттік-ұжымдық қауіпсіздікті нығайта түсу болып табылады [3.32].

Осыған орай еліміз аталған позициялардың барлығын толыққанды түрде жүзеге асырып келе жатқандығына күмән келтірмейміз. Бұл позициялардың басты басымдықтары ретінде Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа енуі болып табылады десек қателеспейміз. Сыртқы саясат - ішкі саясатты



анықтайды немесе керісінше. Мемлекеттің халықаралық қатынастардағы жағдайы, ондағы көптеген себептерге байланысты екендігі белгілі. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – мемлекеттің күшінің арақатынасы немесе арасалмағы болып есептеледі. Көптеген жылдар бойы мемлекеттің күші оның әскери қуатында болып саналып келді. Ал, қазіргі таңда мемлекеттің күші көптеген көрсеткіштермен бағаланып жатыр. Бұл көрсеткіштерге мемлекеттің жер көлемі, адам саны, табиғи байлығы, өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өндірісінің мөлшері мен сапасы, мемлекет құрылысының сипаты, әлеуметтік-саяси, ғылыми-техникалық, рухани, мәдени даму дәрежесі жатады. Осыған байланысты халықаралық саясатта әртүрлі теориялар мен тұжырымдар қалыптасты. Мемлекеттік күштердің ара салмағына байланысты «күш теңдігі» немесе «саяси теңдік» деген ұғымдар қолданыла бастады. Осылардың ішінде Қазақстан әлемдік жүйеде сауатты саясатымен ерекшеленіп, ауқымды шеңберде нақты істер атқарып, дүниежүзін мойындатып, жетекші мемлекеттердің қатарына енді. Яғни, стратегиялық сарабал саясатпен әлемдік сахнада топбастаушы елге айналды. Қазақстанның халықаралық ұйымдарға қатысуы тұрақты даму мен әлемдік қауымдастыққа үйлесімді кірігудің, әлеуметтік-экономикалық және саяси ықпалдасудың, демократиялық өзгерістердің белсенділігін арттырудың шынайы тәжірибелік мүмкіндігі болып есептеледі. Еліміздің сыртқы саяси бағыттары елдің тұрақты дамуына нақты бағыттала отырып, ТМД мемлекеттері мен Еуро Одақ, ЕҚЫҰ мен қарым – қатынас жасауы барлық мүмкіншілікті пайдалануға жол бастайды. Мемлекет басшысының кәсіби саясаткерлігінің арқасында Қазақстан жоғары халықаралық беделге ие Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға төраға болып бір жыл ішінде алға қойған мақсаттарын жемісті жүзеге асырды. Бұл ұйымға төрағалық етуде әлемді толғандырып жүрген мәселелерді Елбасының бастамасымен айтылған ұранды сөздер дүниежүзінің 56 мемлекеттерінің қолдауына ие болды. Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төраға болған алғашқы посткеңестік, азиялық және мұсылман мемлекеті екендігі де баршаға аян. Біз үшін бұл миссия тек құрметті міндеткерлік қана емес, сонымен қатар Еуро-Атлантикадағы және Еуразиядағы ынтымақтастық пен өзара түсіністікті нығайтуға қатысты жауапкершілік пен мүмкіндік те болып табылады.

Қазақстанның әлеуметтік, мәдени және саяси дамуын анықтайтын мәселелерді шешу жолдарында Президент Н.Назарбаев баға жетпес үлес қосып, бүкіләлемдік қауымдастыққа енуге батыл әрекет жасады [4.6].

Елдің ісі тек ішкі саясатпен ғана шектелмейді. Қазақстан халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі болып табылады. Былтыр Қазақстан 56 мемлекетті біріктіріп отырған ЕҚЫҰ төрағалығын сәтті орындап шығып, «Астана» декларациясы қабылданды. Ендігі кезек 57 елді жұмылдырып отырған ИКҰ-на жетекшілік етеміз[5]. Бұл әлемдік әріптестердің Қазақстан мемлекетінің басшысына деген сенімдерінің мол екендігінің дәлелі. Сонымен қатар қазіргі таңда әлемді дүрліктіріп тұрған ядролық қару көптеген елдердің тыныштығын бұзуда. Елбасының оңтайлы саясатының нәтижесінде Қазақстан ядролық қауіпсіздік саласында көшбасшы ел атанып отыр. Негізгі мәселе «Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың негізі *қарусыздану* болуы керек» [6]. Соған орай өзінің іскерлігімен елімізді ғана емес, әлемді мойындатып отыр. ЕҚЫҰ қызметінің басты мақсаты шиеленістің негізгі себептерін анықтау мен жою арқылы қақтығыстарға жол бермеуге және бейбітшілікті нығайтуға, әлеуметтік-экономикалық үдерістер мен демократиялық институттардың дамуын қолдау мен адам құқықтарын құрметтеуге бағытталғандығы баршаға белгілі. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығының маңызды бағыттарының бірі – Орталық Азияның тұрақты дамуы. Қазақстан ЕҚЫҰ-ның әлеуетін пайдаланып, аймақтық ынтымақтас-тықты дамытуға ниетті.

Әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ. ҚР Дипломатиясы. – А., 2001. 17 бет.
2. Анцупов А., Шипилов А. Конфликтология. - М., 2000. - С.531.
3. «Қазақстанның сыртқы саясаты» // Саясат журналы. №2, 2002. 32б.
4. Нысанбаев А., Малинин Г. Н. Назарбаев: Казахстан – территория мира и согласия. – Алматы, 2005. С.6.
5. Назарбаев Н. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз! Қазақстан халқына арнаған Жолдауы. 2011ж. 28 қаңтар.
6. Назарбаев Н. Бейбітшілік кіндігі. – Алматы, 2001. - 242б.